

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 14 шілдедегі № 410 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 21-1-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Білім және ғылым департаментінің бастығы заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ж о л д а с ы н ;

2) осы бұйрықты мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми түрде жариялауды қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің веб-сайтына о р н а л а с т ы р с ы н .

3. Бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары генерал-майор Т.Мұхтаровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі *И.Тасмағамбетов*

" К Е Л І С І Л Д І "

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

А.Сәрінжіпов

2015 жылғы _____

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ о р ғ а н ы с м и н и с т р і н і ң

2 0 1 5 ж ы л ғ ы 1 4

№ 4 1 0 б ұ й р ы ғ ы н а

ш і л д е д е г і

қосымша

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1) «Генерал С.Қ.Нұрмағамбетов атындағы «Жас ұлан» республикалық мектебіне қабылдау қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2011 жылғы 24 маусымдағы № 276 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылғы 15 тамызда № 7124 б о л ы п т і р к е л г е н) ;

2) «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Шоқан Уәлиханов атындағы Кадет корпусына қабылдау қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрінің 2011 жылғы 9 қыркүйектегі № 367 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылы 19 қазанда № 7271 тіркелген);

3) «Жоғары әскери оқу орындарына қабылдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2014 жылғы 17 наурыздағы № 109 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылы 2 сәуірде № 9292 тіркелген);

4) «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына қабылдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2014 жылғы 17 маусымдағы № 256 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылы 25 шілдеде № 9626 тіркелген).